

Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында 2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 107-5049 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7-1) тармақшасына, 62-бабының 6-тармағына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында 2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне жіберуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е. Б. Байкенге жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Әкім

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 26 желтоқсан
№ 107-5049 қаулысына
қосымша

Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында 2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

			Б і р тәрбиеленушіг е бір айға ата-ана төлемақысыны ң мөлшері (т енге) (5, 6, 7 - бағандарда
	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге айына	

Р/с№						жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)					көрсетілген тәрбиеленушілердің қоспағанда)	
			Шағын орталық			1 . Жалпы білім береті мектепке дейінгі ұйымдар	Мектепке дейінгі ұйымдар ағы жалпы білім береті топтар және толық күн болатын шағын орталықтар	Жарты күн болатын шағын орталық	Санаториялық мектепке дейінгі ұйымдар	1 . Жалпы білім береті мектепке дейінгі ұйымдар ағы арнайы және инклюзивті топтар. 2 . Арнайы мектепке дейінгі ұйымдар	Мемлекеттік, жекеменшік мектепке дейінгі ұйым және толық күн болатын шағын орталық	
			толық күн болатын	жарты күн болатын							3 жасқа дейін	3 пен 6 жас аралығында
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1.	25 757	49 786	1 019	4 593	340	2 369	58 343	25 916	86 250	1 032 249	19 700	20 800